



МАРШАЛ ӘБДІХАЛЫҚОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ ТУРАЛЫ ЖАҢА МОНОГРАФИЯ

Қобланов Жоламан Таубайұлы
*Ш.Есенов атындағы КТИУ,
«Қазақ филологиясы»
кафедрасының профессоры,
Қазақстан, Ақтау қаласы*

Публицистиканың қалыптасуы мен көркемдік дамуы – ұлттық дәстүрдің маңызды тұстарын рухани-мәдени тәжірибелерін жинақтап берді. Қазақы ғылыми-танымдық публицистиканың дамыған түрі әдеби әрі ақпараттық әдістердің күрделі тұстарын зерделеп береді.

Қазіргі қоғамдағы өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда қазақ жазушылары да тынымсыз ізденістер үстінде жүргендігі белгілі. Тыңнан түрен салуға талаптанған көркемдік ұмтылыстарды, қазіргі қазақ публицистикасынан анық байқаймыз. Бұл тұстағы шығармашылық ізденістердің бір арнасы стиль проблемасымен, типологиялық өрісімен тығыз байланысты.

Публицистикалық шығармалардың қалыптасуы мен кемелдену кезеңдерін, әсіресе, жеке суреткер ретінде Маршал Әдіхалықовтың шығармашылығын теориялық, жанрлық, танымдық тұрғыдан жеке қарастыру – бүгінгі күннің өзекті тұсы. Бұл ретте, жақында жарық көрген әдебиетші-ғалым А.Н.Отарованың «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу кітабы осындай олқылықтардың орнын толтыратын еңбектердің бірі деп атауға болады.

Қазақ әдебиеті тарихында көркемдігі жоғары қымбат мұралар тудырған қайталанбас дара тұлғалардың аз болмағаны ақиқат. Олардың шығармаларын ғылыми тұрғыда зерттеп, зерделеп, оларға талдау жасау әдебиеттану ғылымының басты мақсаты. Қазақ әдебиетінің әрқилы кезеңінде рухани дамуымызға, мәдени өркендеуімізге айтулы үлес қосып, ұлттық жан дүниеміздің дамуына септігін тигізген қаламгерлеріміздің туындыларын талдап, олардың суреткерлік қолтаңбасын ажырата отырып, әдебиеттегі орнын анықтау үлкен міндетті жүктейді.

Әдебиет тарихында дәстүрдің ерекше орны бар. Қай дәуірдің болсын әдебиеті өздігінен туа салмайды, ол өзінен бұрынғы әдебиеттің дәстүрлеріне сүйеніп, оның озық үлгілерін, идеяларын байыта отырып дамиды.



А.Н.Отарованың «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу кітабында қазақ прозасының дамуына елеулі үлес қосқан қаламгерлер қатарында өзіндік қолтаңбасы бар жазушы Маршал Әбдіхалықовтың өмірі мен шығармашылық жолы, публицистикасы жеке қарастырылып, тақырыптық-идеялық, көркемдік-стильдік жағынан талданып, поэтикалық– тілдік болмысы ғылыми тұрғыда пайымдалған. Сонымен бірге жазушының әр жылдарда баспасөз беттерінде жарияланған публицистикалық шығармалары, замандастарының естеліктері енгізілген.

Публицист-қаламгер Маршал Әбдіхалықов қазақ елінің ұлтжанды азаматы, маңдайына біткен жарық жұлдызы. Қазақ әдебиетіне қажырлы үлес қосып, ондағы түрлі жанрлардың дамуына мейлінше ықпал етті. Өзінің жігер күшін елінің ертеңімен байланыстырып, қазақ үшін құнды, сапалы және салмақты дүние жасады. Қаламынан туған әрбір көркем шығармасы оқырманының көңілінен шықты. Публицистикалық еңбектері құнды деректерге, нақты ұсыныстарға құрылып жазылды.

Маңғаз Маңғыстаудың марқасқа ұлдарының біріне айналған қаламгер Маршал Әбдіхалықовтың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты тану әрбір қазақ үшін міндетті. Тұлғаның көркем әдебиеттегі ерекше қыры – әрбір оқырманның қызығушылығын арттырып, әрбір әңгімесі ерекше әлемге жетелейтіні рас.

Жалпы, әу баста Маршал Әбдіхалықов ең әуелі елге көркем шығармашылығымен, мерзімді баспасөз беттерінде жиі жарияланатын мазмұнды мақалаларымен, очерктерімен танылды.

Кітаптың алғысөзін жазған филология ғылымдарының докторы, профессор Зейнол Бисенғали: «М.Әбдіхалықов – өз заманындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік жағдайларды жіті аңғарып, барынша шебер талдап, жаза білген қаламгер.

М.Әбдіхалықов шығармашылығы – қаламгердің қалыптасу, өмір сырына бірте-бірте қанығу, өмір тану және оны көркемдік шындыққа айналдыру тәсілдерін игеру, табу, жетілдіру жолы.

Өзі өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік істердің үнемі басынан табылған, қоғамның мәдениеті, рухани өмірінің әр саласында аянбай айналысқан, мұны азаматтық борышы санаған М. Әбдіхалықов қарымды қаламгер дәрежесіне жетті» деген құнды пікірін айтады.

Ал, заманымыздың заңғар жазушысы, Ә.Кекілбаев М.Әбдіхалықовты «Маңғыстау өлкесінің жазушылары мен ақындарының, әдебиетшілері мен



журналистерінің, қалам ұстаған барша азаматтарының шын мәніндегі Маршалы» деп жоғары бағалайды.

А.Н.Отарованың бұл зерттеу еңбегі М.Әбдіхалықовтың барлық шығармаларын толығымен жинақтап, оларды жанрлық тұрғыдан саралап, тілдік, стильдік ерекшеліктерін талдай отырып, қаламгердің әдебиет тарихынан алатын орны туралы тұщымды ғылыми тұжырымдар жасауымен де құнды.

Жазушы - әр жанрдың табиғатын терең меңгерген суреткер. Әңгіме сияқты шағын жанрда табиғатты кең суреттеуге мүмкіндік жоқ. Сондықтан да айтайын деген ойды сол шағын көлемге сыйдыру – міндет. Бұл міндетті дарынды қаламгер өзіндік қолтаңбасы мен шығармашылық ізденістері арқылы жүзеге асырады. Маршал Әбдіхалықов әңгімелерінде оқиғаны қызықты тұсынан бастау, оқырманын елітіп отырып бейнелеу, бұрын-соңды естімеген жайды баяндау секілді шеберлік қырлары анық көрінеді.

М.Әбдіхалықовтың тақырып қоюдағы шеберлігі, публицистика жанрына әкелген жаңалықтарын зерделеу ғылыми тұрғыда талқыланады. Танымдық, публицистикалық шығармаларын кеңінен талдау барысында әрбір шығармасында шынайы деректерді қолдануын зерделей отырып, сараптама жұмысы жүргізілгенін деп атап өткеніміз жөн. Қаламгердің ел тұрмысы жөніндегі терең толғауларына, қажырлы еңбекті насихаттаудағы жеке очерктеріне тоқталып, сараптама жұмыстарын жүргізгендігі де зерттеушінің алдына қойған мақсатына жетудегі құптарлық іс екендігі даусыз.

Кітап көлемді үш бөлімнен тұрады. Маршал Әбдіхалықовтың туған жері, өскен ортасынан бастап, алғашқы публицистикалық шығармалары, онда көтерілген елдік мәселелер, қаламгердің ойын жеткізудегі тіл шеберлігі алғашқы бөлімді қамтиды. Екінші, үшінші бөлімдерде жазушының публицистикасы, очерктерінің әлеуметтік мәні мен маңызы терең зерделеніп, шығармашылық қалыптасу, шеберлік толысу кезеңдері, публицистикалық туындылары, алғашқы көркем шығармалары мен көлемді, күрделі прозаға баратын жолын сабақтастыра, салыстыра талдау негізінде ғылыми тұрғыда салиқалы, салмақты пайымдаулар жасайды. Сонымен бірге, кітапта студенттер, ғылым жолында жүрген мамандардың болашақ ізденіс жұмыстарына сеп боларлық дүниелер де мол қамтылған.

А.Н.Отарованың «Маршал Әбдіхалықов – публицист» атты зерттеу еңбегі - қазақ публицистика жанрын Маршал Әбдіхалықов шығармашылығы негізінде ғылыми тұрғыда зерделеген, бұрын түрлі себептермен көп насихатталмаған



қаламгердің публицистикалық шығармаларын жан-жақты талдаған және маршалтанудағы толымды, маңызды еңбек.

